



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№59
(2230)
Сәрсенбі
10 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ҚАЗАЛЫДА БОЛДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері: Мұрат Ергешбаев пен Мұрат Әбеннов жұмыс сапары аясында Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» мәдени-демалыс кешенін абаттандыру үшін әзірленіп жатқан жобамен танысты.

Қазіргі таңда жаңа жобаның жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаржы қаралған. Ал құрылыс жұмыстары қаржыланған жағдайда абаттандыру жұмыстарына сәйкес, «Даңқ», «Тағзым», «Спорт» және «Жастар» аллеялары, балаларға арналған ойын, отбасылық спорт алаңдары салынып, саябаққа толықтай



қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады.

Өз кезегінде депутаттар көлемі кең саябақта

жоспарланған жұмыстар толығымен атқарылса

жергілікті тұрғындардың де-малуына қолайлы орын бола-

рын атап өтті.

Сондай-ақ абаттандыру жұмыстарына байланысты бірқатар ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Осы күні депутат Мұрат Әбеннов «Майлыбай жалы» елді мекеніндегі жеке кәсіпкер Есет Серімовтің шаруашылығымен танысты. «Жеңіс» шаруа қожалығы асыл тұқымды жылқы және түйе малын өсірумен айналысады. Бүгінде сүт, қымыз, шұбат өнімдерін аудан орталығына күн сайын жеткізіп отыр.

Мәжіліс депутаты шаруа қожалығының жұмысымен толықтай танысып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

МӘЖІЛІСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен бірқатар өзекті мәселелерге қатысты мәжіліс өтті.

Мәжілісте аудан әкімі бюджеттің тиімділігін арттыруда салық базасын ұлғайту жұмыстары күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе екенін айтып, бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау басты міндет екенін жеткізді.

Басқосуда салық базасын ұлғайту жұмыстарының ауданда орындалуы жөнінде аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Мейрамбек Ибраимов баяндама жасады.

Аудан әкімі тиімді салық саясатын жүргізу, ауданның бюджетіне түсімдердің толыққанды түсуін, тиімді жоспарлануын әрі игерілуін

сапалы және нәтижелі ұйымдастыру басты міндет екенін айтып, бұл жұмыстарды әрі қарай жандандыру жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ осы мақсатта құрылған арнайы жұмысшы топтың жұмысын күшейтіп, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында сыртта жүрген кәсіпкер жерлестерді жергілікті жерге тіркету жұмыстарын жандандыру қажеттігін ескертті.

Мәжілісте ауданның 2024 жылдың I жарты жылдығындағы әлеуметтік - экономикалық дамуы мен шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуы көрсеткіштері жайында сөз қозғалды. Бұл жөнінде аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қазнагүл Бәкенова мен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп

бөлімі басшысының міндетін атқарушы Арыстанбек Қанатов баяндама жасады.

Аудан әкімі тиісті сала басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне облыс тарапынан ауданға бекітілген межелер бойынша нақты жұмыс істеп, ауданның көрсеткіштері мен жоспарлы индикаторлардың орындалуы бойынша аудандық статистика басқармасымен, жауапты орындаушылармен бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

Сонымен қатар, ауданның экономикалық өркендеуіне шағын және орта кәсіпкерлік саласының тигізер үлесі зор екенін айтып, барлық кент, қала және ауылдық округтерде кәсіп ашамын деген азаматтарға қолдау көрсетіп, мемлекет тарапынан берілетін үлкен мүмкіндіктерді пайдалану керектігін айтты.

Сондай-ақ мәжілісте қаралған әрбір мәселе бойынша жауапты орынбасарларына нақты тапсырмалар жүктеп, бұл жұмыстарға бақылауды күшейтуді тапсырды.

Жиын соңында аудан әкімі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы күн тәртібінен түспейтін мәселе екенін айтып, аудан орталығы мен ауылдық округтерде тазалық жұмыстарын ұдайы жүргізуді тапсырды.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет кезектілік тәртібімен жазылған 21 тұрғынды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тұрғындар аудан әкіміне өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал етуді сұрады.

Келушілердің басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу, тұрғын үй кезегі, көшені асфальттау, инфрақұрылым жүргізу мәселелерін көтерсе, бірі жеке мәселелері бойынша көмек көрсетуді сұрады. Сонымен қатар қабылдауда «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайызбен несиесі алу мәселесін көтерген тұрғындар да болды.

Аудан басшысы жұмыссыздық мәселесі бойынша мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік барын жеткізді.

Мұнан бөлек, басқа да мәселелер бойынша тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар жасалатынын айтып, бұл жөнінде аудан әкімі жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ҚҰҒЫН СҮРГІНДІ КӨРГЕН ҚАРИЯ

Қазақ халқы 1928-1933 жылдардағы саяси қуғын-сүргінді ешқашан ұмыта алмайды. Советтік ғалымдар және соларға еліктеген қазақ ғалымдары халқымыздың жартысы қырылып қалғанын, аштықтан қаза болғандарын айтады. Онымен бірге тәркілеу, күштеп отырықшылыққа көшіру, мәбүрлеу және шаруашылықты күшпен ұйымдастыру, малын тартып алу саясаты халықты саяси қуғын-сүргінге ұшыратып, елден жаппай қашуға мәжбүр етті.

Осы жылдары дүниеге келген Нұрбай Қошанұлы 1928 жылы көктемнің алғашқы айында Қазалы ауданындағы «Қарлаң қайығы» деп аталатын жердегі «Қызыл әскер» колхозында дүниеге келіп, балалық шағын өткізген. Кеңес Әкіметінің «Аса ірі байларды тәркілеу» туралы декреті іске асырылып жатқаны, үлкендерден естіген «кәмпеске жылдары» ойында қалған. Бұл қазақ халқын үлкен аштыққа соқтырған жылдар болатын.

Большевиктердің солақай саясатын қолдаған тайыз ойлы шолақ белсенділер ірі байларды ғана емес, азын - аулақ малымен күн көріп отырған шаруалардың да малымен дүние-мүлкін тәркілеп, елді күйзелтіп жіберген болатын. Олар «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп өздерінің жіберген қателіктерін жалған ұранмен жапқан. Лениннен айырылған халықтың арасында аштық басталғаны Нұрбай ақсақалдың есінде мәңгі сақталып қалған.

Сол кездері жастардан ұйымдастырылған топ көше-көшені аралап аштықтан көз жұмған адамдарды арбаға тиеп алып жалпы қорымға көметін болған. Аштықтан адамдардың жемегені қалмаған, мал біткен таусылғаннан кейін, балықтың сүйегін кептіріп, оны диірменге тартып, ұнға қосып, суға қайнатып қоймалжың быламық қылып ішіп жан сақтаған. Сондай-ақ шайшөпті кептіріп шай етіп ішіп, қамыс арасында өсетін «доңызелен» деген шөптің дәнін келіге түйіп күріш кебегімен қосып қайнатып ботқа жасаған кездерін адам ұмытар ма? Осылайша аштықты бастан өткерген кездері әлі есінде, бала болып ойнап көрмеген, ойнауға да күш керек тамаққа тоймай әлсіреп жүрген балада не дәрмен болсын.

Анасы Төлебике балаларын асырау үшін барын солардың аузына тосты, отын шауып арқалап келіп үйін жылытты, сүйітіп жүргенде өзі аштықтан бұратылып 1934 жылы қайтыс болады. Отанасынан айырылғаннан кейін

әкесі балаларыма қамқоршы, бағып-қағуға көмектесер деп екінші рет үйленеді, бірақ 1938 жылы Нұрбай он жасқа толғанда әкесі қайтыс болып, өгей шешесі өз баласы болмағасын не қылсын бұны үйінен қуып жібереді. Өзі танитын ағайындардың үйін паналап, қу тамақ үшін сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып жүріп мектепте білім алып, олардың кез келген уақытта қуып жіберетінін білседе қасқабағына қарап жұмысын істей берген. Ағайынның үйлеріне сыймай далада қаңғырып қалғанын байқаған бір ағайыны: «Айналайын сені еш үй сыйғызбады ғой, алдыңда қыс айлары келе жатыр, далада үсіп өлесің. Қазалы қаласында жетімдер үйі бар, соған бар», - деп «Ақарық» каналының қазіргі аудандық газ тарату мекемесі болған жерге дейін шығарып салып, осымен тура жүре берсең жетесің», - дейді. Май айы болса керек, әлі күн суықтау, жаяу жүріп шаршап, көйлекшең болғасын жаурап тоңып жылап отырғанда бір кісі мұны көріп үстіндегі шапанын беріп, есегіне мінгестіріп қалаға әкеліп сол кездегі райкомның бірінші хатшысының кабинетіне кіргізеді.

Райкомның бұйрығымен балалар үйіне қабылданып орналасады. Балалар үйінде әкесі қайтыс болғаннан кейін алғашқы рет адам сияқты тамақ ішіп, киім киеді. Алайда оның қызығы ұзаққа созылмады, қаржының жоқтығынан балалар үйі жабылып, барар жері, басар тауы болмай қалған кезде нағашылары керейт қожалар бұны өздерімен бірге Қарақалпақстанға алып кетеді. Көзін ашқалы жоқшылықтан басқаны көрмеген Нұрбай әр үйдің отын жағып, тезегін теріп, бақшасын егіп, малын бағып бір үзім нан үшін күндерін өткізді. Жас та болса жүрегінде оты бар, туған жерін сағынған бала елге баратын саудагерлерге ілесіп жалданып Қазалыға табан тірейді. Нұрбайды жақын апалары да, жеңгелері де өз жұмыстарына пайдаланып, ешқандай жағдай жасамаған. Сол кездегі «Миқоян» колхозында тұратын нағашысы Беденнің үйін паналап жүрген Нұрбай үлкендермен бірге канал қазып, қамыс орып, кесек басып, құрылыста жұмыс істейді. Сол кездері соғыстан кейін бүлінген қала, қираған үйлер, тағы басқа жұмыстарды игеруге «Еңбек майданына» азамат-азаматшаларды алып кетуге бұйрық шығады.

Айша деген жеңгесі баласы болса «Еңбек майданына» алмайтынын білген соң Нұрбайды іздеп, Беденнің інісі



Шабактың үйіне келеді. «Мынау менің қайным өз қолыма аламын», - деп алып кетеді. Және Нұрбайдың тууы туралы куәлігін өзгертіп, 1934 жылы туылған, әкесі Жұбаназар, шешесі Айша, - деп куәлігін өзгертіп «Еңбек майданынан» қалған. Нұрбай қанша еңбектенсе де оларға жаға қоймаған, өз балалары соғыстан оралғаннан кейін бұны керек қылмаған. Бірақ құжаттарында Жұбаназаров Нұрбай болып кеткен.

Соғыс аяқталғаннан кейін кәмелет жасқа толған Нұрбай 1949 жылы №3 теміржол училищесіне түседі. Ондағы сабақ орыс тілінде өтсе де арына, намысына тырысқан жас жігіт қатарынан қалмай теміржол мамандығын алып шығуға бар күшін салады. Өзіменен бірге оқыған Бөлекбаев, Скороводеев, Самодуров, Давидовтармен бірге тепловоз жөндеуші мамандығын алып шығады.

Ол кезде №3 теміржол училищесінің директоры Каликов деген татар жігіті. Өндіріс шебері Борис Григориевич Жемчужин болған. Училищеде оқып жүргенде тепловоздың құрылысы жұмысымен жете танысып, түрлі іс-шараларға қатысып, қатар жүрген жолдас – жораларымен жақсы қарым-қатынаста болып, училищені 1951 жылы бітіріп шығады. Бірге оқыған жолдастары жан-жаққа деполарға бөлінгеннен кейін Нұрбай аға Қазалыдағы локомотив депосына жөндеуші болып қабылданып, кейін машинистердің көмекшісі қызметіне жіберілді. Нүрекең сүйтіп теміржолда еңбек жолын бастайды.

Сол кездегі локомотив депосының бастығы Е.Ельховиков жас мамандарға көңіл бөліп, олардың жағдайына қарап, қарамағындағы жұмысшыларға қолынан келген көмегін беретін.

1954 жылы Нұрбай құдай қосқан қосағы Жахима Жолымбетқызымен танысып,

сөздері жарасқан, көңілдері табысқан, сөз байласып, отау құрады. Екеуі дүниеге 6 бала әкеліп, үлгілі тәрбие беріп қатарынан кем қылмай өсірген.

Жұмыста жүрген кезінде машинистер: Ағыбаев Оңдаш, Рамбердиев Қайнар, Сербаев, Талқанбаев Сембай, тағы басқа машинистермен сыр бөлісіп, бір үйдің баласындай болған. Өз жұмысын жетік білген маманды депо басшылары машинист болуға лайық деп тепловоздың тізгінін қолына ұстатады. Абыройға бөленген Нұрбай ақсақал талай рет марапатталып, суреті құрмет тақтасында тұрды.

Теміржол саласында 40 жыл ерінбей-жалықпай еңбек еткен Нұрбай ақсақал 1991 жылы зейнеткерлікке шықты. Үлкен баласы Жүрсін Алматы қаласындағы теміржол институтын бітірген соң, басшылық қызметтерде болып, зейнеткер жасында. Одан кейінгі Гүлзира, Күнзира, Гүлсім, Анар есімді қыздары бір-бір үйдің отанасы, бала-шағалы болып бақытты өмір сүруде. Кіші ұлы Тұрсын Алматы облысының «Түрген» аулында заводта бригадир болып қызмет атқарады. Келіншегі Нұргүл мектепте мұғалім.

Осындай алтын асықтай ұлдар мен қыздарының қызығын енді көре бастағанда Нұрбай ақсақалдың Құдай қосқан қосағы Жахима апамыз 53 жасында кенеттен қайтыс болады. Сол кезде үйдің үлкені Жүрсіннің келіншегі Гүлжахан енесінің жоқтығын білдірмеуге тырысып, төрт қайынсіңілісін қолдан ұзатып, құтты орындарына қондырған. Алматыда тұратын Тұрсынды да үйлендірген. Нұрбай ақсақалдың Жүрсіннен тараған немерелері де өз алдына отау құрып үй болып кетті. Бүгінгі күні Нұрбай ақсақал немересі Жүрсіннің ұлы Нұрлының қолында абыз ақсақал болып, келіні Эльмира атасының бар жағдайын жасап ақ бәтесін алуда.

-Мен бұдан 90 жыл бұрынғы аштықты басымнан өткіздім, сонда адамдардың қынадай қырылғаны соншалық арулап жерлеу қайда, сүйектері көмусіз далада шашылып қалғанын көрдім. Қазір бұрынғы атабабамыз айтқан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнады, соның қадірін біліңдер. Рас, нарық заманы қымбатшылықты қоса ала келді. Бірақ бұл мен көрген аштықтың қасында түк те емес, еңбек бәрін жеңбек, «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деп текке айтылмаған, тек біз көрген аштық зобалаң жылдар нәубеті енді халықтың басына түспесін, - дейді ақсақал.

Жеткербай МАХАМБЕТ

ӨНЕР ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН ОТБАСЫ

Ана жылдары өнер жанашыры, талантты өнерпаз, музыкалық аспаптардың шебер орындаушысы, қарымды ұйымдастырушы, білгір маман, ілкімді сазгер, қажымас еңбекқор, ұшқыр ойлы ізденімпаз мектеп мұғалімі Махамбет Әуезов сол кезде ауданның мәдениет саласында әлде үрдіс саналмаған отбасылық ансамбльді құрғанда оған ешкім таңданады, осылай боларына сенгендей өнер сүйер қауым қуанышпен қабылдады. Өйткені сол кезде ансамбль құрудың ретіде келе кетті. Іздегенге сұраған дегендей болды. Мүмкіндікте жетерлік еді. Оған сылтау табылды. Ұсыныс аудандық мәдениет бөлімі басшыларымен қызметкерлері тарапынан болды.

1977 жылы Қызылорда облысына іргелес жатқан Қарақалпақ АССР-інен ресми делегация келетін болыпты. Соның бір тобы Қазалы ауданына атбасын бұратын көрінеді. Десе де қонақтарды лайықтап қарсы алып, құрметтеу ата салтымызда бар емес пе? Ол жағына қам жасалып жатқан тәрізді. Сол арада аудан басшыларының бірі ортаға тиімді ұсыныс тастайды. Құрметті қонақтарды хал-қадірімізше күтіп алармыз-ау,- дейді әлгі дөкей, қызықты болуы үшін қойылатын концертте қарақалпақ әндері шырқалатын болсын деп мәдениет саласына артық міндет жүктейді ғой. Сылтау айтуға пәрмен қайда? Содан аудандық мәдениет бөлімінің сол кездегі басшысы Кеңес Асанбаев пен аудандық мәдениет үйінің директоры Жәдігер Тұрсынов айтулы өнерпаз ағасы Махамбет Әуезовке қиылып, қолқа салады. Өйткені Махамбет ағалары Нүкіс педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және география факультетін бітірген. Қарақалпақ елінде қызмет атқарған. Туған жеріне кейін оралған. Оның үстіне ағасының 7 ұл-қызының барлығы қанмен берілген тектіліктен бе, шетінен өнерпаз, музыкалық аспаптарды шеберлікпен меңгерген, әрі сауатты ойнайды. Ауданда өткен мәдени іс-шараларда өнер көрсетіп, халықтың көңілінен шығып, ризашылықтарына бөленген. Қандай өнер бәйгесіне қоссаңыз да ұятқа қалдырмайды, қайта мерейіңізді өсіреді.

Кең қолтық ағамыз өзі сыйлайтын, құрметтейтін, аралас-құралас жүрген басшы інілері өтінішпен келіп отырса, олардың қолқасын қалай жерге тастамақ. Ойланып отырды да өнер көрсетуге келісімін берді. «Тек, өз балаларыммен сахнаға шығамын», -деп шарт қойды. Қос інісі келісімін алғанына мәз, аудан басшысының тапсырмасы орындалатын болғанына риза көңілмен ағасына рахметін айтып айырылысты.

Сол күннен бастап Әуезовтердің өнерлі отбасы концертке мұқият әзірленді. Өнерлі, қатал әке перзенттерінің әрқайсысына қас-қабақпен, қ и м ы л - қ о з ғ а л ы с ы м е н , музыкалық аспаптардың үйлесімді үнімен жауапкершілік жүктеп қойды. Сәл кемшілікте

кешірілмейді. Махамбет ағаның үйінің ауласынан музыка сазы күнделікті үзілместен жан-жаққа тарап жатты...

Күткен күнде келіп жетті. Қазалылықтар көршілес елдің меймандарын ата дәстүрімен қарсы алып, қонақ етті. Салтанатты шарадан соң концерт басталды. Балапандарын ерткен ата қаздай Махамбет Әуезов балаларымен сахнаға шыққанда қалыпты күйде отырған қарақалпақ ағайындар өз халқының әндері музыка әуеніне ілесіп, зал ішінде қалықтай жөнелгенде күтпеген жағдайдан, әлде қуаныштан, ерекше әсерден, тосын құрметтен болар орындарынан тұрып, ән сазына қосыла тербеліп, әнге қосылып кеткендерін де байқамаған болуы керек. Кейін сахнадағы өнерпаздарға ерекше құрметпен басын иіп, кеудесін қолымен басып мәз болды. Рахметтерін өз тілдерінде жаудырды.

Бұл концерт Әуезовтер отбасылық ансамблінің алғашқы концерті, алғашқы құрылуымен есте қалды. Концертте Махамбет аға скрипка, Зылиха мондалинода, Рахила домбыра, Раманқұл баян, Дәрменқұл бас домбыра, Құрманқұл примада, Арман домбыра аспабында ойнап, 10 класс оқушысы Рабиға ән шырқады. Осылайша Әуезовтердің отбасылық ансамблінің тұсауы қарақалпақ ағайындардың алдында кесілді деуге негіз бар.

1978 жылы Қызылорда облысының көршілес Қарақалпақ АССР-інде күндері өткізілетін болып мемлекеттік деңгейде шешілген. Осылайша облыстық делегация туысқан елге баратын болып келісіледі. Қазалылық мәдениетпен өнер жанашырлары үшін қуанышты хабар, өткен жылы ғана тұсауы кесілген Әуезовтердің отбасылық ансамблі Қарақалпақстанда өнер көрсететін өнер ұжымдары қатарына қосылады. Көрші елде өнер көрсетуге елімізге белгілі халық ақыны Манап Көкенов, композитор Бексұлтан Байкөңжеев, термеші Әлмырза Ноғайбаев, Нартай мектебінің өкілі Әбілаш Әбуов, әншілер Күләш Қалымбетова, Любовь Ставер, Шайтұрсын Әбдібаев, Темірхан Ерғалиев және «Сыр сұлуы» ән би ансамблі, Арал ауданының «Қазанғап» ұлт-аспаптар оркестрі қатарында құрылғанына әлі жыл толмаған Әуезовтердің отбасылық ансамблі де таңдалады.

Нүкіс қаласындағы К.С.Станиславский атындағы театрда өткен Қызылорда облысының Қарақалпақ АССР-індегі күндерінің ашылуына арналған концертте облыс өнерпаздарының қатарында Әуезовтердің отбасылық ансамбліде өнер көрсетіп, қазақтың ән-күйімен, қарақалпақ әндерін шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленеді. Осы сапардағы өнері үшін Әуезовтер ансамбліне Қарақалпақ АССР-і Жоғарғы Советінің құрмет грамотасы табысталады. Осылайша Әуезовтер отбасы Қарақалпақ елінен туған жеріне үлкен қуаныш, көтеріңкі көңіл-күймен оралды. Және де бұл өнер ұжымын

шабытқа жетеледі.

1979 жылы ансамбль мүшелерінің өмірінде айта қаларлықтан үлкен қуаныш, жаңалық болды. Себебі, өнерімен елімізге енді кеңінен таныла бастаған ұжымға таңданарлық соң Москва қаласында өтетін Бүкілодақтық өнер байқауына жолдама беріледі. Және бұл байқауға қатысуға қазақ елінен небәрі үш өнер ұжымы ғана таңдалған. Бұл үлкен жауапкершілік, сенім, сынақ, таңдау, екінші бірінің қолы жете бермейтін бақыт, бақ, сәттілік десе де болады.

Махамбет аға үлкен додаға ерекше әзірлік жасады. Жүрексізінде болды. Несін жасырады, ұйымдастыру жұмыстарына ауданның намысын ойлаған аудандық мәдениет бөлімінің басшылығы мен қызметкерлері аянбай атсалысты. Ансамбльге арналып ұлттық киімдер тігілді. Бірсыпыра музыкалық аспаптар жаңаланды. Ансамбль мүшелерінің қатары қобызшы, күйші, әншілермен толықтырылды. Содан соң шегінерге жол жоқ екенін сезінген ансамбль жетекшісі нартәуекелге бел буып, күн құрғатпастан дайындық жұмыстарына кірісті. Музыка мамандарымен ақылдасты, кеңесті, өнер ұжымының репертуарына дұрыс таңдау жасады. Екі ай дайындықтан соң межелі күн жеткенде Мәскеу сапарына пойызбен жолға шықты. Дайындықты мұқияттады. Тәртіпке баса назар аударды. Көңіл күйге де селкеу түсірмеді. Аспаптардың бабын сезім ауанымен бағамдады. Ендігі нәтиже өздерінің ынтасымен, қабілетімен, өнер шеберліктеріне байланысты екені көңілін тоғайытты да сәттілікпен жолымыз болсын деп алдағы күндеріне шексіз үміт артты.

Қазалылық өнерпаздар Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) сахнасында одақтас республикалардан келген 62 ұжымдық өнерпаздардың қатарында өнерін сынға салды. Талғампаз Москва жұртшылығы Қазақстанның қиырынан келген өз ерекшелігі бар Әуезовтердің отбасылық ансамблінің өнеріне зор ықыласпен қошемет көрсетті. Десе де көңіл күпті, қалай болар екен деген сауал өнерпаздардың, әсіресе Махамбет ағаның жүрегін лүпіл қақтыра түседі.

Үш күннен соң барша өнерпаздар қортынды бағалау жиынына жиналды. Мәссаған, ой кемірген үш күннен кейін ойға келмеген қуаныш қандай? Сырт жердегі бақыттан басы айналар сәт десе болғандай, Әуезовтер отбасылық ансамблі Бүкілодақтық байқаудың үшінші жүлдесін иеленді. Қола медальмен наградталды. 64 ұжымның ішінен суырылып шығып, жүлде алу буыны қатпаған өнер ұжымы үшін жоғары жетістік, мақтана бас әріптермен айтатын табыс. Оның үстіне сол кездегі КСРО композиторлар Одағының төрағасы, аузын айға білеген атақты Т.Хренниковтың өзінің қолынан Алғыс хат алу деген мыңның біріне бұйыра

бермес сәт, ауыз керіп айтуға тұрарлық мүмкіншілік. Мақтана айтар қайталанбас оқиға. Туған жердегі қазалылықтар күткен мол олжа.

Өткенге сәл шегініс жасалық. Ансамбльдің алғашқы жетекшісі, ұйымдастырушысы Махамбет Әуезов кенеттен келген сырқаттан қайтыс болуына байланысты өнер ұжымына оның үлкен ұлы, жоғары білімді өнерлі азамат Раманқұл жетекшілік етіп, әкенің өлмес мұрасын қайта жалғастырды. Алайда он алты жыл аудандық музыка мектебін басқарған, талантты шәкірттерін өнерге баулыған арда азамат Раманқұл Әуезовте кенеттен жүрек талмасынан өмірден озды. Бұл бүкіл әулетке ауыр қаза болды. Әуезовтер отбасы есеңгіреп қалды. Олардың ансамбль жұмысына қолы бармай жұмысын тоқтатты.

Өнерлі отбасының осындай әрі-сәрі күйін аңдап, күйзеліс осылай жалғаса беретін болса әке аманатының аяқсыз қаларын аналық жүрекпен аңдаған Махамбет ағамыздың ұрпақтарының тұңғышы-Зылиха қайратына мініп, жігерін жанып, бір шешімге келіп, бауырларының бәрін өз отбасына ескертусіз шақырып, үлкендігін алға тартып, ақыл-кеңесін айтып, әке атын өшірмей, тоқтап қалған ансамбль жұмысын қайта жандандыруды бауырларына, ұрпақтарына міндет етті. Ойлана келе апасының ақылды сөзінен кейін іні-сіңілдері, келіндері, қыздарының бәрі өз қателіктерін еріксіз мойындады. Сонымен ансамбль қайта жасақталды. Бауырларының ойласуымен, өзара келісімімен шебер қобызшы, тіпті Лондонда өнер көрсеткен консерватория түлегі, бұрынғы үйдің кенжесі Арман Әуезов ансамбльдің жетекшісі болып белгіленді. Рахила, Рабиға, Арманның келіні Гүлзиядан басқа ансамбль мүшелерінің бәрі жаңарды. Олар Махамбет Әуезовтың ұлдары мен қыздарынан тараған жоғары білімді музыка мамандары: Ақбота, Серік, Назерке, Асылбек, Сая, Дарын, Абзал, Мирастармен толықты. Жаңа буын, ансамбльге жаңа леп әкелді. Ансамбль репертуары шетел, қазақ композиторларының шығармаларымен, жаңа әндер, күйлермен толықты.

Атап айтар жағдай марқұм Махамбет Әуезов ағамыздың бұрынғы шәкірттерінің және отбасы мүшелерінің қолдауымен 2017 жылдан бастап, Махамбет, Раманқұл Әуезов атындағы «Қастерлеп жүрсін өнеріңді ұрпағың» атты облыстық отбасылық ансамбльдер байқауы дәстүрлі түрде ауданымызда екі жыл сайын қатарынан өткізіліп келеді. Ансамбльдің құрылғанына 45 жыл толуына орай аталған байқау республикалық деңгейде өткізілді.

Сөз соңында республикаға кеңінен танымал өнер иесі Махамбет Әуезовтың есімі Әйтеке би кентіндегі бір көшеге берілгенін, еңбегі бағаланғанын атап өтуді жөн көрдік.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

**ӘДЕПТІЛІК-АДАМГЕРШІЛІКТІҢ
БЕЛГІСІ**

Әдептілік - қалыптасқан ұлттық мәдениеттің белгісі, ұлттық қазақи тәрбиенің ізгі бастауы- ел болашағы. Ол қоғамның тұрмыс — тіршілігін қамтамасыз етуде және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге септігін тигізеді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта Әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез — құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейтін - әдеп кодексі.

Әдеп кодексінің басты міндеті-сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Атап айтқанда, қоғамдық кеңістіктегі мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен және әріптестерімен қызметтік қарым-қатынастағы, қызметтен тыс уақыттағы қызметтік әдебінің стандарттары. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті. Сонымен бірге, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуы, дәрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметшілер ұжымда іскерлік және жанашыр өзара қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және оны нығайтуға ықпал етеді.

Қортындылай келе айтарым, әрбір мемлекеттік қызметші тікелей халықпен жұмыс жасайтындықтан, оның басты міндеті — әдеп нормаларын сақтап, қарапайым болуды ұстанса деген тілегім бар.

Зибагүл СЫДЫКОВА,
Қазалы аудандық
қазынашылық басқармасының
бас маман-бас
қазынашысы

ГҮЛБАРАМ

«Өркендеу» аулының бұрынғы тұрғындары қазіргі кездері кейуаналыққа жеткен Ақжыға мен Ақкенже осыдан елу бес жыл бұрын өткен өмірлерінен сыр шертіп отыр.

-Ауылдағы Кішкене ағаның қызы Гүлбарамды айтсай, нағыз қара торының әдемісі еді-ау. Денесі шағын. Толық та арық та емес. Қыздарға тән сүйкімді болып бой жетіп еді. Талай ауыл жігіттерінің қолжетпес армандары болған сұлулардың бірі де бірегейі болғанды. Ақыры Нағашыбай есімді сары балаға бұйырды. Нағашыбай қоқан-соқанмен ісі жоқ момын мінезді, қарапайым ауылдың баласы еді ғой.

Сол Нағашыбай кейін милицияға жұмысқа тұрып, сырттай оқуын жалғастырып тергеуші, тіпті тергеушілердің бастығы да болыпты.

Ой, дүние-ай Гүлбарам 42 жыл ғұмыр кешіп үш қыз, бір ер баланы дүниеге әкеліп өмірден озды ғой марқұм,- деп қос кейуана кеуілдерін босатып та алды.

Мен Нағашыбаймен боз-бала кездерімізде Қазалы қаласындағы №34 кәсіптік техникалық училищенің екі жылдық бөлімінде қатарлас топта оқыдық. Кейін 1970 жылдары аудандық милиция бөлімінде қызметке орналасқанбыз. Нағашыбайдың әйелі Гүлбарамды жақсы танытынмыз, қолынан талай дәм татқанымызды екі кейуанаға айтып бердім.

«Тасбөгет» қыстағына Нағашыбай қызмет бабымен көшіп барғанда да іздеп барып қонақ болғанмын.

Гүлбарам өте сүйкімді мінезі көркем, биязы, келбетті, қараторының әдемісі болатын.

Кішкене қызы Гүлбарам 1953 жылы Қызылорданың іргесіндегі Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Әкесі сол кенттегі дүкенде сатушы болған, анасы Айзада үй шаруашылығымен

айналысқан.

1969 жылдары әкесі Кішкене қызметіне байланысты «Өркендеу» күріш совхозына көшіп келеді. Гүлбарам мектепті бітірген соң совхоз орталығындағы мектепте әртүрлі жұмыстар атқарады. Сөйтіп жүргенде жас механизатор Нағашыбаймен тіл табысып жұптасады.

Милиция қызметіне жолдама алған Нағашыбай Қарағандыдағы милицияның үш айлық дайындық курсынан өтіп Қазалыға көшіп келеді. Кейін Нағашыбай Алматыдағы милицияның арнаулы мектебіне сырттай оқуға түседі.

«Тасбөгет», Қазалы ауданына қарасты Ү.Түктібаев, К.Маркс, «Майдакөл» ауылдарында учаскелік инспектор, аға инспекторы болып қызметтер атқарады. Жолдасы қайда болса әйелі де балдарымен сонда болатыны белгілі жай ғой.

Гүлбарам осы аталған совхоздарда дүкенде сатушылық қызметтер атқара жүріп дүниеге үш қыз, бір ер бала әкеледі. Көбіне үй шаруасына қарап, балаларын тәрбиелеумен айналысады. Олардың қызықтарын көремін бе деп жүргенде 1995 жылдың басында Гүлбарам ауыр науқасқа шалдығады. 1995 жылдың 14-ші қарашасында қайтыс болды. Алланың көрсеткен сынағын Нағашыбайдың көруіне тура келді. Төтеннен келген сынаққа төзді, көнді. Үш қыз, бір ер баласын оқытып, тәрбиеледі, өсірді, ешкімнен кем қылмады. Аналарының орнын жоқтап-ауға тырысты.

Бірақ әркімнің өз анасының орны бөлек қой. Ұл, қыздары әкелерінің ниетін түсінді, еңбегін ақтады. Бәрі де жоғарғы оқу орындарына түсіп оны жақсы тамамдады. Өмірден өз орындарын тауып дүниеге бір-бір кірпіш болып қаланды.

Қазір 1976 жылы дүниеге



келген Гүлмира Алматыда дәрігер, 1978 жылғы Эльмира Алматыда сауда саласында қызмет істейді. 1981 жылғы туған Назира Қазалыда мұғалім.

1985 жылғы баласы Ерсұлтан Алматыда құрылыс саласында қызмет етеді. Жанерке есімді бүлдіршіндері өсіп жетілуде.

Нағашыбай мен Гүлбарамның ұрпақтары жанұялы, тұрмыстары заман талабына сай жақсы өмір сүріп жатырғандар қатарындағылар.

Үш қыз, бір ер баланың анасы Гүлбарам замандасымыздың бақилық болғанына 29 жыл болыпты. Ұрпақтары аналарынан жастай қалса да аналарын үнемі еске алып, рухына құран бағыштатып, басына зираттап барып тұрады.

Биыл да ұрпақтары жиналып ауданның бас мешітінің асханасында көзін көргендерді шақырып аналарына ас бергелі жатыр. Алланың кәламы Құран Кәрімді толықтай аналарына арнап оқуға медресе қариларына тапсырыс беріп қойды. Ұл, қыздарының ниеттеріне Алла Тағала қабылдық берсін демекпіз.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
аудандық орталық
«Жанқожа батыр» мешітінің
баспасөз хатшысы,
Әйтеке би кенті

●Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 11 тамызда өтетін Қазалы ауданы, «Майдакөл» және «Сарыбұлақ» ауылдық округтерінің әкімдерінің сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11107 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -120 теңге.

Үгіт –насихат материалдары 2024 жылдың 21 шілде күні сағат 18-00-ден басталып, 2024 жылдың 9 тамыз аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94

E.mail: tooturankazaly@mail.ru

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.